



**ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ  
КӨЛІКТЕРІ КӨБЕЙДІ**

6-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



**ЕЛОРДА – ІСКЕРЛІК  
ТУРИЗМ АЙНАСЫ**

7-БЕТ | ТУРИЗМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Менің Шанхай ынтымақтастық ұйымына көзқарасым ерекше. Себебі 1996 жылдың сәуірінде аталған ұйымды құру туралы алғашқы келіссөздер мен құжаттарды дайындау кезеңіне өзім қатысқанмын. Кешегі «Шанхай бестігі» бүгінде екі есеге өсіп, «Шанхай ондығына» айналды. ШЫҰ-ға төрағалық етудің жауапкершілігі ауыр. Өйткені төрағалық етуші тарап ұйымның күн тәртібін анықтайды. Ал біздің алға қойған мақсаттарымыз: қауіпсіздік мәселесі бойынша ортақ шешім табу, сауда-экономикалық байланыстарды арттыру, экологиялық қауіпсіздік мәселесін күн тәртібіне шығару және халықтар арасындағы достықты нығайту. Тағы бір маңызды мәселе – ШЫҰ-ның жаһандық саясаттағы беделін одан ары арттыра түсу. Ол үшін ірі және өңірлік халықаралық ұйымдармен әріптестікті нығайту керек. Осы бағытта біз Нью-Йорктен Бейжіңге дейін, Найробиден Мәскеуге дейін 150-ге жуық іс-шара өткіздік. Ондаған халықаралық маңызды құжаттарға қол қойылды.

№79  
(4667)

Бейсенбі  
4 шілде  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚХР-ҚАЗАҚСТАН: СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕРПІНДІ КЕЗЕҢІ

2-4 шілде күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Кеше Ақордада екі елдің басшылары шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Екіжақты келіссөздерден кейін Қазақстан Президенті мен Қытай Халық Республикасының Төрағасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы өзінің шақыруын қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді. ҚХР Төрағасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 24-отырысына қатысады.

2



## АСТАНА – ЖАҢА БАСТАМАЛАР ҰЙЫТҚЫСЫ

Көлемі мен халқы жер шарының жартысын қамтитын елдер жетекшілері Астанада бас қосты. Елордада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтуде. Ұйымға мүше Қазақстан, Қытай, Үндістан, Иран, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінің басшылары, сондай-ақ Ұйымның диалог серіктестері болып тіркелген 14 елдің басшылары саммит барысында көпжақты диалогтар өткізіп, әлемдегі өзекті мәселелерді талқылайды.

### QR-КОД АРҚЫЛЫ КӨРУГЕ БОЛАДЫ

Астанада өтіп жатқан ШЫҰ саммиті кезінде 30-дан астам автобустың бағыты өзгерді. Бағыты өзгерген автобустарды QR-код арқылы көруге болады, деп хабарлады CTS компаниясы.

Астана күні жақындаған сайын елорда келбеті сән-салтанатқа оранып, көркейе түсті. Қазірдің өзінде қалада сан алуан мерекелік іс-шаралар өтіп жатыр. Биылғы мерекеге орай үш күн қатарынан демалыс болмақ. Демек, алыс-жақындағы жұртшылық елордаға қарай ағылады. Ал елорда тұрғындары мен қонақтары үшін алдағы күндері 100-ге жуық мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Елорда тойы —  
ел тойы

12



Шілденің бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күніне орай Астанада мерекелік шоу-концерт өтеді.

07.07

18.00

ЭКСПО АУМАҒЫ

«Заманауи домбыра» мерекелік шоу-концертінде танымал қазақстандық орындаушылар өнерін паш етеді. Іс-шара елорда тұрғындары мен қонақтары арасында ұлттық аспапты кеңінен дәріптеуге бағытталған.

Мерекелік кеш қонақтары: Kalifarniya, Ақтоты Болшова, «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі, «Серпер» виртуоздар домбырашылар ансамблі, «SAZ» этно тобы, «Steppe Sons», «Assyl», «T&Y», «Арт-домбыра», «Aldaspan», Dj Годунов.

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ  
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.79 \$ USD/KZT 471.46 ₸ RUB/KZT 5.53 ¥ CNY/KZT 64.92

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕ  
ӘН ШЫРҚАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді елорда әуежайында қарсы алды. Мәртебелі қонақты салтанатпен қарсы алу үшін әуежайда Құрмет қарауылы ротасы сап түзеп тұрды. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай халықтарының шынайы достығының белгісі ретінде балалар екі елдің жалауын желбіретіп, қошемет көрсетті. Балалар Төраға Си Цзиньпин бастаған ҚХР делегациясына ілтипат білдіріп, қытай тілінде ән шырқады. Сапар аясында жоғары деңгейде екіжақты келіссөздер жүргізіледі және бірқатар маңызды құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

«СЕНІМДІ ТІРЕК  
БОЛАТЫНЫН  
МӘЛІМДЕЙМІН!»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді «Ақорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің кортежін өзі күтіп алды. Мәртебелі мейманның құрметіне Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары Президент сарайының алдында Қытай туымен түстес қызыл, сары жолақ із қалдырып, ұшып өтті. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды.

Президент, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені үшін Си Цзиньпинге ризашылығын білдірді. «Сіздің сапарыңыздың мән-мағынасы өте зор, ерекше деп айтуға болады. Қытай Халық Республикасы – тату көрші, маңызды стратегиялық серіктес әрі басты одақтас мемлекеттің бірі. Берік достыққа және өзара қолдауға негізделген қазақ-қытай қарым-қатынасы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мен мұны үлкен қуанышпен атап өтемін. Сіз Қазақстан мен Қытайдың мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестігін нығайтуға зор үлес қостыңыз. Мұны жоғары бағалаймыз. Екі елдің ынтымақтастығын халықтарымыздың игілігі үшін жаңа деңгейге көтеру қажет деген бастамаңызды толық қолдаймын. Бүгінгі басқосуымызды осының айқын дәлелі деуге болады» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық бағыт бойынша қарқынды дамып келе жатқан қазақ-қытай ынтымақтастығының жай-күйін жоғары бағалады. «Қытай – біз үшін тату көрші ғана емес, жақын досымыз әрі уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз. Біз ортақ тарихтың, тату көршілік қатынастардың және өзара қолдаудың мызғымас құндылықтарына сүйене отырып, шын мәнінде үлгі етерлік мемлекетаралық қатынасты жолға қойдық. Жылдан-жылға өзара байланыстарымыздың мазмұны байып келеді» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Си Цзиньпин қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Қазақстан Прези-



# ҚХР-ҚАЗАҚСТАН: СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЕРПІНДІ КЕЗЕҢІ



дентіне алғыс айтты. «Құрметті президент мырза, қымбатты досым! Менің сапарыма мән беріп отырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Сіз Мемлекет басшысы қызметіне кіркен сәттен бастап реформалар мен елдің дамуын белсенді әрі мақсатты түрде ілгерілетіп келесіз. Ішкі және сыртқы саясатта тиімді шаралардың тұтас топтамасын қабылдадыңыз. Соның нәтижесінде еліңіздің жалпы қуаты мен халықаралық беделі айтарлықтай артты. Тату көрші ретінде біз бұл жетістіктерге шын жүректен қуанамыз. Былтыр екеуміз Сиань мен Бейжіңде екі рет кездесіп, жаңа жоспарларды белгіледік. Сондай-ақ «алтын отыз жылдықта» қытай-қазақ қатынастарын қарқынды дамытудың негізгі бағыттарын айқындадық. Қытай Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасты әрдайым стратегиялық тұрғыдан және ұзақмерзімді перспектива деңгейінде қарастыратынын растағым келеді. Сондай-ақ көршілес елдерге қатысты ұстанатын өзінің сы-

ртқы саясатында Қазақстанға басымдық береді және Орталық Азиядағы маңызды серіктес ел санайды. Қытай-қазақ байланыстарын қамтамасыз етуде біздің өзгеріміз бен ұстанымымыз ерекше маңызды рөл атқарады. Қытай әрқашан Қазақстанға сенімді тірек болатынын мәлімдеймін» деді ҚХР Төрағасы.

Бұдан кейін келіссөз ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

## ЕКІЖАҚТЫ ДАМУДЫҢ «АЛТЫН КЕЗЕҢІ»

Шағын құрамдағы келіссөзден кейін Қазақстан Президенті мен ҚХР Төрағасы екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге мемлекеттік сапарын Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға деген ұмтылыстың

айқын көрінісі деп бағалайтынын айтты.

«Қазақстан елдеріміз арасындағы тату көршілік пен ғасырлар бойғы достықты нығайтуға ерекше мән береді. Біз бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өзгелерге үлгі болатын және түрлі бағытты қамтитын мемлекетаралық ықпалдастық орнаттық. Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз дамудың жаңа «алтын кезеңіне» өтті деп нық сеніммен айтуға болады. Екі ел арасындағы байланыстар тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға, халықтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға зор септігін тигізіп отыр. Былтыр өзара тауар айналымы 41 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазіргі таңда 45 ортақ инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның жалпы құны – 14,5 миллиард доллар. Жобалар өнеркәсіп, энергетика, көлік-транзит, жасыл экономика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларды қамтиды. Сонымен бірге, екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстары жаңадан

түсті. Жоғары Мәртебелі Төраға, осы жетістіктердің бәрі Сіздің жеке қолдауыңыздың арқасында табысты жүзеге асқанын айрықша атап өткім келеді» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қытайдың бейбіт бастамаларын қолдайды. Сондай-ақ халықаралық құқықтың негізгі қағидағары мен БҰҰ Жарғысына негізделген әділ әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы жетекші рөлі мен елеулі үлесін жоғары бағалайды.

«Сіздің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қоғамдастығын құру» туралы бастамаңызды конструктивті рухта қолдауға дайынбыз. Біздің «Біртұтас Қытай» саясатына қатысты ұстанымымыз өзгермейді. Сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизм секілді «үш зұлым күшке» қарсы күрес жөніндегі ықпалдастықты қолдаймыз. Қытайдың бүкіл әлем елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтеуге шақыратын тұрақты ұстанымын бағалаймыз. Бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын бұған дейін де айттым. Өзара тауар айналымын еселеуге мол мүмкіндігіміз бар. Біздің елдің Үкіметі осы мақсатқа жету үшін табанды түрде жұмыс істейді. Қытай Қазақстан экономикасына салынған инвестиция көлемі бойынша жетекші орынға ие. Кейінгі 15 жылда оның көлемі 24 миллиард долларға жетті. Екі ел арасында визасыз режим күшіне енді. Қазір «Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы» өтіп жатыр. Мұның бәрі елдеріміздің түрлі саладағы ынтымақтастығын нығайтуға тың серпін береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқанына тағы да куә болғанын атап өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қазақ халқы анағұрлым қуатты әрі өркендеген жаңа Қазақстан құратынына сенім білдірді.

«Ежелгі «Жібек жолынан» тамыр тартатын елдеріміздің

достығы мыңдаған жылдар бойы үздіксіз нығайып келеді. Дипломатиялық қатынастар орнаған 32 жыл ішіндегі ынтымақтастық нәтижесінде екіжақты байланыстарымыз мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне көтерілді. Оның арқауы – мәңгілік достық, өзара сенім мен ынтымақтастық. Халықаралық жағдай қалай құбылса да, достықты сақтауға ұмтылысымыз, сан қырлы ынтымақтастықты дамытуға деген табандылығымыз, негізгі мәселелер бойынша бір-бірімізді өзара қолдауға бейімділігіміз және ұлттық даму міндеттерін орындауға сенімдіміз өзгермейтінін растағым келеді» деді Си Цзиньпин. Бұдан бөлек, ҚХР Төрағасы Қазақстанның халықаралық аренадағы орта держава ретіндегі конструктивті рөлін қолдады.

Кездесу барысында тараптар электронды коммерция, автомобиль мен автобөлшек өндірісі, көлік-транзит және логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, қаржы, туризм салаларындағы инвестициялық ықпалдастықты дамыту перспективаларын талқылады. Екі ел басшылары сауда-инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру үшін тиісті механизмдер бар екеніне тоқталып, Қазақстан мен Қытай үкіметтері қазір және келешекте бизнес-жобалардың табысты жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин өңіраралық кооперация мен мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастықты тереңдету жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университеті филиалы мен «Лу Бань шеберханасының» ашылуын қолдап, екі елдің ғылым және білім салаларындағы байланыстарының кеңеюі екі елдің мүддесіне сай келетінін айтты.

## САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин бірқатар нысанның салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Қазақстан мен Қытай басшылары Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Іс-шара қатысушыларына Ұлы Жібек жолы бағытымен жүретін транзиттік рейс туралы бейнеролик көрсетілді. Шара соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Төраға Си Цзиньпин жүк паромдарының қозғалысын іске қосты.

Содан кейін екі ел басшылары Қазақстанның Бейжіңдегі және Қытайдың Астанадағы мәдени орталықтарын салтанатты түрде ашты. Бұл орталықтар екі мемлекеттің гуманитарлық ынтымақтастығын дамытудың жаңа кезеңіне жол ашды. Сондай-ақ достас екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған түрлі мәдени шаралар, көрмелер, дәрістер мен шеберлік сабақтарын өткізуге арналған алаңға айналды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Астана халықаралық университетінің базасында Бейжің Тіл және мәдениет университетінің филиалын ашты. Мұны айтулы оқиға деуге болады. Қазақстан мен Қытай жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы студенттердің терең білім алуына және кәсіби тұрғыда өсуіне зор мүмкіндік береді және олардың тілдік дағдыларды, мәдениетаралық коммуникацияны және ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруіне ықпал етеді.

Бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуы мәдениет және білім



№79 (4667) 04/07/2024 Бейсенбі

## ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Астана қаласының Құрметті азаматы атағы бар 40 адамға Қазақстанда және шетелдерде танымал тағы 4 адам қосылды. Елорда мәслихаты бекіткен бұл құрметті атақты қала басшысы Жеңіс Қасымбек тапсырды.



Биыл Астана қаласының Құрметті азаматы атағын елорданың дамуына айрықша үлес қосқан адамдар иеленді. Атап айтқанда, жоғары санатты дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Еуропаның жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Орталық Азияның пульмонологтар қауымдастығының президенті Абай Байгенжин, қоғам қайраткері, бас қаланың Білім басқармасының бұрынғы басшысы, Парламент Мәжілісінің V шақырылымының депутаты, Астана қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсима Бимендина, Астана қаласы әкімінің бұрынғы орынбасары, ҚР Президенті іс басқарушысының бұрынғы орынбасары Сергей Фомичев және «Mabetex Group» құрылыс компаниясының президенті Аفرим Пакколи атанды.

## МЕМЛЕКЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кеше Астананың Достық үйінде «Қазақстандағы саяси диалогтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде азаматтық қоғам субъектілері орындайтын мемлекеттік даму бағдарламаларының мониторингі» тақырыбында конференция өтті. Жиынға мемлекеттік органдардың, Қазақстандағы Еуропалық одақ, үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам өкілдері, халықаралық әріптестер қатысты.

Аталмыш жоба азаматтық қоғам ұйымдарымен, жемқорлыққа қарсы мемлекеттік комитеттермен, кәсіп-одақтармен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасымен тығыз қарым-қатынасты көздейді.

Конференция барысында мемлекеттік бағдарламалар мониторингінің маңызы, бұл үдерістің нәтижелілігі, саяси диалогтағы азаматтық қоғам ұйымдарының ролі, олардың ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудегі үлесі, мемлекеттік бағдарламалар мониторингі мен оны бағалаудағы халықаралық ұйымдардың тәжірибесі, Еуропа одағымен әріптестік, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы диалогты қолдау мен дамыту мәселелері талқыланды.

## ШОМЫЛУ ЖАҒАЖАЙЛАРЫ ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАНАДЫ

Қазіргі таңда Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері маусымдық суға шомылу кезінде адамдардың қаза болуына және жарақаттануына жол бермеу мақсатында барлық қажетті іс-шараларды қарқынды жүргізу үстінде.

### Шапағат ӘБДІР

Елордадағы су айдындарында патрульдеу және рейд тұрақты жүргізілуде. Арнайы қауіпсіздік үшін белгіленген құрамның ішінде 40 сүңгуір құтқарушы, 2 сүңгуірлік жабдығы бар жедел-құтқару техникасы, 8 жүзу қайығы және басқа да құтқару жабдықтары бар.

Ал Астана қаласының су айдындарында елорда тұрғындары мен қонақтарының жаппай демалуы үшін қала әкімдігінің қаулысына сәйкес шомылуға рұқсат етілген 5 жағажай аймағының учаскелері (4 жеке ақылы жағажай), «Орталық қалалық жағажай», «Три пескаря», «Столичный двор», «Армина» 1-тегін коммуналдық жағажай бар.

Жалпы судағы өлімнің негізгі себептері – су айдындарында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтамау болып отыр. Себебі су айдындарының жабдықталмаған учаскелерінде шомылу, мас күйде суға түсу және балаларды

су маңында ересектердің қарауынсыз қалдыру сияқты мәселелердің бәріннің соңы қайғылы жағдайға әкеп соғады. Қазіргі таңда тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында біздің қызметкерлер барынша жұмыс істеп жатыр. Мысалы, суға түсу маусымы басталғалы елордалық су қоймаларында 2 адам құтқарылды, оның бірін төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары патрульдеу кезінде құтқарып алса, екіншісін ҚР ҰҰ 5573 әскери бөлімінің сарбазы құтқарды. Сонымен қатар біз аудан әкімдіктерімен бірлесіп, су айдындарының қауіпті және жабдықталмаған учаскелеріне 19 ақпараттық стендтер және жүзуге тыйым салынған 265 ескерту белгілерін орнаттық. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері күн сайын полиция, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен, қоғамдық белсенділермен және еріктілермен бірлесіп, қала су айдындарында рейдтер мен патрульдеу жұмыстарын жүргізуде, – деді Астана қаласы ТЖД Азаматтық

қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ренат Смағұлов.

Осы орайда айта кетсек, мәселен, соңғы 3 жылда, өкінішке қарай, елорданың су айдындарында 23 адам суға батып кеткен. Оның 11-і – балалар мен жасөспірімдер. Ал биыл 2007 және 2013 жылы туған екі бала суға батып қайтыс болған. Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі судағы барлық өлім жағдайлары рұқсат етілмеген шомылу орында-

рында тіркелгенін растап отыр.

Р.Смағұлов су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау және тұрғындардың амандығын бақылау мақсатында Есіл өзенінің арнасын құтқарушылар қайықтарымен сағат сайын патрульдеу жүргізетінін айтты.

Қазіргі таңда су айдындарының қауіпті аймақтарында қайықтары бар қосымша 2 жылжымалы пост қойылған. Әрі тұрғындардың тыйым салынған орындарда суға түсуі өз өмірі-

не қауіп төндірмеу қатар, су қоймаларындағы ережелерді бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтары туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын да ескергені де жөн.

Өйткені суға шомылу кезеңінің басынан бастап, су қоймаларының жабдықталмаған жерлерінде рейдтер жүргізілген кезде тәртіп бұзушыларға қатысты жалпы сомасы 629 мың 486 теңгені құрайтын 46 әкімшілік хаттама толтырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» №106-ХІІІ қаулысына 30 жыл толып отыр. Осыған орай Астана қаласының Мемлекеттік архиві мен Алматы қаласының Мемлекеттік архиві «Алматыдан – Астанаға» тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізді.

## ТАРИХ ТАНДАҒАН АСТАНА

Жиында Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин мен осы мекеменің ғылыми зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Исахан «Тарих таңдаған Астананың» тарихи маңызына тоқталды.

– Астананың бір ерекшелігі – бұл тоғыз жолдың торабында тұрған қала. Патша өкіметі кезінде де солай болған. Кіре тартушылар Ақмола арқылы өтетін. Яғни, әуел бастан Астана қаласы маңызды орталық болды, заман ағымына сай қалыптаса бастады. Өткен ғасырдың тоқ-

саныншы жылдары жаңа астананы таңдау кезінде сол кездегі Ақмола қаласы өзінің геосаяси, экономикалық, экологиялық себептермен өте қолайлы қала болып таңдалды. 1994 жылдың 6 шілдедегі Жоғарғы Кеңестің отырысы – Қазақ елінің тарихында үлкен, сүбелі орын алатын оқиға. Астананы көшіруге қатысты көп қарсылық болды. Ақыры пікірталасан кейін тарихи қаулы қабылданды. Соның жемісін көріп отырмыз. Астанамыз күннен-күнге өсіп, өніп, өркендеуде, – деді Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин.

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛДІ

Елорданың І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның мектеп жанындағы жазғы лагерінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу көрмесі өтті.

Іс-шара аясында мектеп ауласында киіз үй тігілген. Киіз үй алдында «Ұлттық мұра» шеберлер көрмесі көрсетіліп, асық ату, арқан тартыс, қазақ күресі сынды ұлттық ойындар ұйымдастырылды. «Бабалар аманаты» ақ кимешекті әжелер тобы шашуларын шашып, келген қонақтарға

сый-сияпаттарын беріп, киіз үй ішінде ән шырқады, мектеп оқушылары өз өнерлерін паш етті.

Сарыарқа ауданы әкімі аппараты бөлімінің бас маманы Айнур Сауанқызы жылы лебізін жеткізіп, ұлттық тарбиенің жастар арасындағы маңызына тоқталды.





## АБАТТАНДЫРЫЛҒАН БАС ҚАЛА

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай бас қалада көріктендіру жұмыстары жалғасуда. Әсіресе, осы жазда жолдар жаппай жөнделіп, саябақтарға ағаштар отырғызылуда. Мұның бәрі қала тұрғындарының қолайлылығы үшін жасалып жатыр.

«Астана бас жоспары» директорының орынбасары Елнар Базыкениң айтуынша, қазіргі күні елордада абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

– Биыл 170 қоғамдық және аула кеңістігін абаттандыру және миллионнан астам жасыл кеңістікті отырғызу жоспарланған. Бүгінде бұл жұмыстардың барлығын қала тұрғындары бақылап отыр. Мұның бәрі қала тұрғындарына жайлы орта қалыптастыру үшін жасалады. Абаттандыру тұрғындардың әл-ауқатына, психологияға, қала экономикасына мультипликативті әсер етеді, – деді урбанист.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың жасыл, абаттандырылған болуы керектігін бірнеше рет айтқан болатын. Осыған орай бас қаланың сыртқы келбетіне ерек-

басталған болатын. Қазіргі кезде Абылай хан даңғылынан Тәуелсіздікке дейінгі аумақ көгалдандырылды.

– Біздің мақсатымыз – Есіл өзенінің бойындағы барлық саябақтарды бірыңғай велосипед және жаяу жүру маршруттарымен біріктіру. Осы орайда көпірлер астында жаяу жүргіншілер байланысы жасалады. Енді тұрғындар бағдаршам арқылы көпірлерді айналып өтпейді. Олар көпірлердің астынан өте алады. Бұл өте ыңғайлы. Өткен жылы басталған жұмыс биыл жалғасуда. Мысалы, Тәуелсіздік даңғылының бойында өте үлкен көпір, кең жол бар. Енді көпірдің астында жаяу жүргіншілер байланысы болады, – деді Елнар Базыкен.

Биыл Президенттік саябақ бойындағы жағалауды абаттандыру жұмыстары басталды. Бұл

бульварлық алаң пайда болады.

«Мыңжылдық» аллеясы да абаттандырылып жатыр. Бейбітшілік және келісім сарайының айналасындағы саябақта жаңа «Құс» субұрқағы қайта жаңғыртылады. Жаңа жабын төселіп, аумақ толық көгалдандырылады. Биылғы жұмыстардың басты ерекшелігі – жаңадан отырғызылған барлық ағаштар өздігінен суару жүйесімен суарылады. Бұл ретте «Астана бас жоспары» директорының орынбасары осы шаруаға тәжірибелі мамандардың тартылғанын, әрбір отырғызылған ағаш бақылауда болатынын атап өтті.

– Елордадағы көпірлерде де жөндеу жұмыстары жүргізілуде, олардың қоршаулары мен шамдары біріздендіріліп безендірілген. Өткен жылы қалада барлығы 165 аула жаңартылса, биыл 170 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр. Былтыр қаланың ескі бөлігіндегі аулалар мен қоғамдық кеңістіктер жөнделсе, биыл Есіл өзенінің сол жағалауындағы көрнекті орындарды абаттандыру көзделуде, – деді Елнар Базыкен.

Бүгінде Ақбұлақ жағалауы мен Президенттік саябақ жабдықталып жатыр. Келесі жылы саябақтың Триатлон ауданындағы орталық жағалау және спорттық жағалау абаттандырылады. Жобалар әзір, бұл іске ландшафт сәулетшілері, мамандар, дизайнерлер тартылуда.

Жаз басталғалы бері Астанада жол жөндеу жұмыстары жалғасуда. Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының бас маманы Серікболсын Жалғасовтың айтуынша, биыл бас шаһарда 50-ден астам көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Әсіресе, Мәңгілік ел, Тұран, Қабанбай батыр даңғылдары мен Көктал 1, Лесозавод тұрғын алаптарындағы көшелерге баса назар аударылады. Биыл тұрғын алаптарда 17 көшені орташа жөндеу жоспарланып отыр. Барлық жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілуде.

– Өткен жылы жұмыстың негізгі бөлігі тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін – ауысу станциясын, газ жылу станцияларын салуға және пайдалануға беруге бағытталды. Ал биыл жол инфрақұрылымына баса назар аударылуда. Жолдарды салу және жөндеу көлемі ұлғайтылды. Біздің өңірде жол жөндеу маусымы тым қысқа, жаз көзді ашып-жұмғанша өте жылдам шығады, сондықтан жоспарланған жұмысты уақытылы аяқтап үлгеруіміз керек, – деді бас маман.

Барлық жөндеу және абаттандыру жұмыстары жоспарға сай келісілген кесте бойынша жүріп жатыр.

## ІРГЕЛІ КӘСІПОРЫН МЕРЕЙІ



«65 жыл бойы елордамыздың тұрғындарын таза сумен үздіксіз қамтамасыз етіп келе жатырсыздар. Осы жылдар ішінде «Астана Су арнасы» кәсіпорнының штаттық құрылымы 5 еседен астам өсіп, бүгінде сумен жабдықтау және су беру сапасын бақылаудың автоматты жүйесі бар тұтас өндірістік кешенге айналды. Аталмыш кәсіпорын – елорда тіршілігін қамтамасыз ететін ең сұранысқа ие қызметтерінің бірі. Бүгінде бұл мекеме кемеліне келді» деді Ерлан Каналимов.



Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Астана Су арнасы» кәсіпорнының 65 жылдығына арналған салтанат өтті. Іс-шараға қатысқан елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы әкімінің орынбасарлары Нұрлан Нұркенов пен Еркін Өтебаев, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов мекеме ардагерлері мен қызметкерлерін құттықтап, алғыс хаттар тапсырды.

## ЖАҢА ИНДУСТРИЯ ПАРКІ АШЫЛАДЫ

Астанада тағы бір индустрия паркі пайда болады. Ауданы 409 гектар болатын паркті 2028 жылға қарай іске қосу жоспарлануда. Бұл туралы елордалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасында айтылды. 400 гектардан астам аумақта 150-ден астам инвестиция жобасы орналасуға тиіс. Олар Астананың дамуына қуатты серпін береді.

Ел экономикасы шетелдік инвесторлар үшін тартымды болып қала береді. Өткен жылы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 23 миллиард доллардан асты. Алайда осы жылдың басында Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі капиталға инвестициялар үлесінің төмендегенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы олардың сыртқы және ішкі ағынын көбейтуді және оларды тартудың біртұтас экожүйесін құруды тапсырған болатын. Бұл ретте Президент экономикаға келесі жылдары, ең болмағанда, ағымдағы өсу қарқынын ұстап тұру үшін жеткілікті қаражат салынбайтынын, жеке инвестицияларды тарту міндеті әкімдер бірі болуы тиіс екенін, жалпы барлық мемлекеттік органның қызметі экономикаға көбірек инвестициялар тартуға бағытталуы және соған сәйкес бағалануы тиіс екенін атап өтті.

Астана – республика-

дағы үлкен инвестицияларды тарту нүктесінің бірі. Мұнда жоба көп. Солардың арасында бірыңғай шоғырландыру орталығы жұмыс істейді. Компаниялар тобы 80-нен астам өнім түрін шығарады. Бұл – тамақ, резеңке және пластмассадан жасалған бұйымдар, полипропилен пакеттері, индикатор пломбалары, сондай-ақ малға арналған құлақ белгілері. Инвестицияның жалпы көлемі 60 миллиард теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіндегі Инвестициялар комитетінің төрағасы Ғабидолла Оспанқұлов атап өткендей, инвесторлар саны бойынша шетелдіктер басым, бірақ отандық динамика да жыл сайын артып келеді.

– Шетелдік инвесторлар Қазақстанда географиялық орналасуы бойынша үлкен артықшылыққа ие. Қазір Президенттің тапсырмасы бойынша трансұлттық Каспий дәлізі

дамуда, ол өте қысқа мерзімде және арзан бағамен Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдай алады. Олар әлемде өте сирек кездесетін металдарды көреді. Олар мұны әлеует деп санайды, яғни қолжетімді бағамен және қажетті көлемде, егер мұнда зауыттар ашылса, бұл шикізатты Қазақстанда алуға болады және осы тұста бюрократия кедергілерін жоюымыз керек, – деді комитет төрағасы.

Сонымен қатар Ғабидолла Оспанқұлов елордада ауданы 409 гектар болатын тағы бір индустриалды парк ашу жоспарланып отырғанын жеткізді. Айтуынша, ол 2028 жылға қарай жұмыс істейді. Паркте 150-ден астам инвестиция жобасын орналастыру жоспарлануда. Ал инвестицияның жалпы көлемі 500 миллиард теңгені құрайды.

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов болса, елорда әкімдігінде өткен жиналыста алғашқы индустриалды парктің тиімділігі туралы айтты.

– Біз Астанада логистика инфрақұрылымын қалыптастыруға ерекше назар аударамыз. Ол үшін 200 гектардан астам аумақты алып жатқан логистика паркін құру туралы шешім қабылданды, онда 150-ден 200 млрд теңгеге дейін инвестиция тарту көлемімен жүзден астам жобаны іске асыру жоспарлануда. Дәл осы, айталық, үлкен инфрақұрылым алаңдарын біріктіру логистиканы өндіру, дайын өнімді экспорттау және тасымалдау процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді, – деді басқарма басшысы.

Негізі, №1 индустриалды парк – бұл қысқа мерзімде жаңа зауыттар мен бүкіл салалар пайда болып, дамып келе жатқан өнеркәсіп «инкубаторының» бір түрі. Қала билігі екінші жобадан да осындай нәтиже күтеді.



ше назар аударылады. Мәселен, биыл Ұлытау аллеясы абаттандырылды. Онда 400-ден астам ірі ағаштар отырғызылды. Бұған дейін Мәңгілік ел даңғылы бойында көліктер көп болатын. Енді бұл маң жаяу жүргіншілер үшін ыңғайлы бола бастады. Бос жерлерге ағаш отырғызылып, абаттандыру жұмыстары әлі жалғасуда. Бұл жерде заманауи шамдар, орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылады.

Қазір барлық жерде жаяу жүргіншілер өткелдері, пандустар, веложолдар жасалуда. Қаланың әр ауданында гүлзарлар, қоғамдық кеңістіктер, саябақтар пайда болды. Бүгінде ескі вокзал жақтағы Біржан сал және Гете көшелерінің маңындағы алаң абаттандырылуда.

Биыл Алматы ауданындағы Ақбұлақ жағалауды абаттандырылды, бұл жұмыс өткен жылы

жерде жаңа жабын, көгалдандыру, веложол, жүгіру жолдары жасалады.

Қабанбай батыр даңғылында да жұмыстар жүргізілуде. «Астана Арена» спорт кешенінің, «Сарыарқа» велотрегі мен «Алау» мұз сарайына іргелес аумақтарда абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Онда үлкен ағаштар отырғызылып, жабындары өзгертілді, даңғыл бойымен жаяу жүргіншілер жолдары мен веложолдар жасалды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті қарсаңында «Қазақ елі» алаңы абаттандырылды. Ол саммиттің басты элементі болады. Онда 560 ірі ағаштар отырғызылды, аймақ жарықтандырылды. Аллеяның дамуын жалғастыру үшін биыл Жүргенов көшесінде Кенен Әзірбаев көшесінен Нәжімеденов көшесіне дейінгі жерде

№79 (4667) 04/07/2024 Бейсенбі

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІ МЕН БАСПАНА КӨБЕЙЕДІ

Астанадағы жедел медициналық жәрдем паркінің балансында 145 көлік бар. Жақын арада автопарк тағы 35 бірлікке толықтырылады. Бас қаланың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін нақтылау туралы Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қала әкімі Жеңіс Қасымбек осындай тапсырма берді. Жиында шаһар басшысы абаттандыруды жүргізу, аула мен қала аумақтарын мемлекет мұқтажына алу үшін бюджет артатынын атап өтті.

Қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, Үкіметтің тапсырмасын орындау аясында елорда әкімдігі апатты және ескі тұрғын үй қорын жаңарту жобасын іске асыру кезінде дайын тұрғын үйді сатып алу тетігін әзірледі. Осыған байланысты шамамен 1 400 пәтер сатып алуға облигациялар шығарылатын болады. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының дивидендтері есебінен инженерлік желілер құрылысын жалғастыру және тұрғын алаптарды газдандыру үшін қосымша қаржыландыру жоспарлануда.

Жалпы елорда бюджеті 48,8 млрд теңгеге артады. Соның ішінде жеке кірістер түсімдері үлесінде 23,8 млрд теңге және мемлекеттік құнды қағаздар шығарудың 25 млрд теңгесі бар.

Бюджетке енгізілетін барлық өзгерістерді мәслихат депутаттары қолдады. Әсіресе, апатты және

тозығы жеткен тұрғын үйлерден тұрғындарды көшіру үшін заманауи талаптарға сай пәтерлер сатып алынатынын ерекше атап өтті. Сондай-ақ жиында «Көктал-1» тұрғын алабында орналасқан № 41 мектепке қосымша ғимарат құрылысына 150 млн теңге бөлінетіні айтылды. Бұл мәселені мәслихаттың бірнеше отырысында көтерген депутат Бауыржан Смайылов ризашылығын жеткізді.

Сондай-ақ мәслихат депутаттарына TAZA ASTANA интернет-платформасы таныстырылды. Соған сәйкес елордадағы барлық ПИК пен МИБ қызметі бір жүйеде болады. Оның басты міндеті – қала тұрғындарын тазалықты сақтауға, аулалар мен іргелес аумақтарды бірлесіп тазалауға ынталандыру.

«Таза Астана» – кондоминиум объектісінің үй жанындағы, аулалық және ортақ аумақтарын пайдалану мен күтіп-ұстау сапасын бағалау жүйесін енгізуге арналған



көмекші құрал. Басқаша айтқанда, елорда тұрғындары ПИК пен МИБ жұмысын ғана емес, болашақта коммуналдық қызметтердің жұмысын бағалай алады. Сонымен

қатар, платформаның арқасында «Үздік аула», «Үздік ПИК пен МИБ» номинацияларының жеңімпаздары анықталады» дейді Ерлан Каналимов.

## СЕНАТОРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбаймен кездесті. Кездесу барысында Астанаға қатысты республикалық деңгейде шешуді талап ететін негізгі мәселелер талқыланып, оларды шешу үшін бірлесіп жұмыс істеу маңыздылығы атап өтілді.

Мәслихат депутаттары тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды. Елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Қазақстанда кәметке толмағандарды әлеуметтік желілерде тіркеу бойынша шектеулер жоқтығына назар аударды. Мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Азамат Айтхожин кәметке толмағандарға алкоголь өнімін онлайн-сатуды реттейтін заңнамалық нормалардың болмауы проблемасын көтерді. Мәслихат депутаты Кеңдебей Адамбек орталық деңгейде Индустриялық парк пен ішкі туризмнің дамуына көңіл бөледі сұрады.

Сондай-ақ кездесу барысында жедел медициналық көмектің өзекті мәселелері көтеріліп, медициналық көмек көрсетудің тарифтері әңгіме болды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

– Алмагүл Тілектесқызы, қоғамдық мәселелермен қашаннан бері айналысасыз?

– Мектепте және институтта оқығанымда қоғамдық өмірге үнемі белсенді қатысатыным. 1994 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтын бітіріп, еңбек жолымды бастадым. Мені әрқашан халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының мәселелері мазалады. Сондықтан ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға тырыстым. Осы жылдары негізгі жұмысыммен қатар қоғамдық қызметпен айналысып келе жатырмын.

– Елорда мәслихатына сайланғаннан кейін алдыңызға қандай мақсаттарды қойдыңыз?

– Қалалық мәслихат VII шақырылымының депутаты маңдатын алған уақытта елордадағы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейді басқарған едім. Сол кезде мектепте 4,5 мың оқушы оқитын, бұл дегеніміз – 9 мың ата-ана. Әр оқушының өз тағдыры, кейде мазалайтын мәселесі болады. Бірде-бір бала және оның отбасы мектеп әкімшілігінің назарынан тыс қалмайтын. Біз балаларға білім беріп қана қоймай, олардың отбасында не болып жатқанына да алаңдадық, жағдайлары қалай, қандай қажеттіліктері және қандай қиындықтары бар, осының бәріне көңіл бөлдік. Бұл мен басқарған алғашқы мекеме болмағандықтан, оқушылардың қамын ойлау белгілі бір дәрежеде өмірімнің мәніне айналып кетті.

Оқушыларымның тұрмыстық мәселелерін шешу барысында депутаттыққа түсу идеясын ойлай бастадым. Өйткені астаналық отбасылардың мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін мемлекеттік органдармен байланыс тетіктері болуы керектігін түсіндім. Ал бұған депутаттық мандат көмектеседі.

VII шақырылымға Аманат партиясының партиялық тізімі арқылы өттім. Сондағы басты мақсатым – халықпен бірге болып, олардың мәселелерін есту, әрине, осы мәселелердің бәрін мемлекеттік органдарға жеткізу болды.

Менің сайлау учаскемнің барлық тұрғындарының проблемаларымен, кейде күрделі мәселелерімен айналыстым. Маған «Встреча» сауда үйінің ауданы: Абылай хан даңғылы, Күйші



## ОҚУШЫЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ДЕПУТАТТЫҚКА ИТЕРМЕЛЕДІ

Білім саласының тәжірибелі менеджері, Аманат партиясының мүшесі Алмагүл Сегізбай Астана қаласы мәслихаты VII шақырылымының депутаты болды. Бірнеше жыл С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейді басқарды. Қазір елордадағы №91 мектеп-гимназия директоры. Онымен депутаттық қызметі мен білім мәселелері жөнінде сұхбаттастық.

Дина, Манас көшелері, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы бекітілді. Бұл учаскелерде сәйкес жұмыстарды атқардым.

– Сіздің жұмысыңыз кезінде №37 мектепте қандай маңызды өзгерістер болды?

– Мектептегі негізгі маңызды өзгеріс – қосымша ғимараттың салынуы. Бұл жұмыс мектеп жүктемесін азайтып, үш ауысымдық оқудан екі ауысымдыққа өтуге мүмкіндік берді. Өкінішке қарай, қазір сол ауданда тұрғындар көп тұратындықтан, ал мектептер жетіспегендіктен, бұл мектеп қайтадан үш ауысымдыққа өтті.

Менің кезімде химия, физика, биология, география пәндерінің инновациялық кабинеттері сатып алынды, ал сатып алынған гидропоника кабинеті оқушыларға арнайы резервуарлар арқылы сирек кездесетін өсімдіктер сорттарын өсіруге және әртүрлі ғылыми зерттеулер жасауға мүмкіндік берді.

Мектеп ашылған уақыттан Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленовтің атын иеленді, сондықтан оның музейін ашу туралы шешім шығарылды. Қазір бұл музейді бүкіл ел біледі. Мектеп – әртүрлі республикалық байқаудың жүлдегері. Соның нәтижелерінің бірі – оның ауласында жылыжай орнатылды. Бұл эксперименталды алаңға

айналып, мұнда оқушылар алған теориялық білімдерін практикада қолданады. Оқушылардың білім деңгейі көтеріліп, мұғалімдер түрлі бағдарламалар арқылы шетелдерде біліктіліктерін арттырады.

Мектеп базасында Қосымша білім қызметтері және креативті технологиялар академиясы ашылды. Соның арқасында оқушылар мектептен тыс сабақтарды қадамдық қолжетімділікте оқи алады. Қысқа мерзімде кәдімгі жалпы білім беру мектебі оқушылардың

жетістіктері мен педагогикалық ұжымның кәсібилігі арқасында мектеп-лицей мәртебесіне ие болды. Дәл осы мектепте жұмыс істеген жылдарымды ең жылы сезімдермен еске аламын. Еңбекқор ұжым, шығармашыл оқушылар, алғыстарын аямайтын ата-аналар жаңа идеялардың тууына шабыт беріп, оларды бірлесіп жүзеге асырдық.

– №91 мектеп-гимназияның ашылуы елорданың дамып жатқан ауданына қандай әсерін тигізді?

– Бұл мектеп «Городской роман» тұрғын үй кешені ауданында 2021 жылы ашылды. Әрине, бұл жағдай ата-аналарды да, балаларды да қатты қуантты. Өйткені бұған дейін балалар осы ауданнан алыс мектептерде оқитын. Қазір оқу орны қадамдық қолжетімділікте орналасқан. Балалар ағылшын, неміс, француз, араб тілдерін оқиды. Балалардың оқуына, сапалы білім алуына жайлы жағдайлар жасалып, мұнда әртүрлі үйірмелер мен секциялар жұмыс істеп жатыр.



– Білікті педагогтармен қамтамасыз етуде қиындықтар бар ма?

– Бүгінгі күндері елорда мектептерінде бастауыш сыныптар мен нақты ғылымдар мұғалімдерінің тапшылығы бар. Оқу орындарының директорлары мектептерді білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізіп жатыр. Колледждермен, педагогикалық жоғары оқу орындарымен келісімшарттар, меморандумдар жасалуда, мамандар жергілікті оқу орындарынан ғана емес, аймақтардан да тартылууда.

Елордаға келетін мұғалімдердің көбісі, ең алдымен, тұрғын үй мәселесін сұрайды. Астанада мұғалімдерге арналған 350 орындық жатақхана бар. Оның болуы аймақтардан педагогикалық кадрларды алдыру жұмысын жүргізуге септігін тигізіп отыр.

– Мектептің бала тәрбиесіндегі орны қандай?

– Өскеңе ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде мектептің алатын орны зор. Бүгіндері Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен ел мектептерінде «Біртұтас тәрбие» атты жоба сәтті іске асырылууда. Оның аясында балалардың бойларына арлылық, патриоттық тәрбие мен рухани құндылықтар сіңірілууда. Өкінішке қарай, біздің заманда буллинг, кибербуллинг, кәметке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері бар. Осыған байланысты елордада да, елімізде де аталмыш мәселелердің алдын алуға бағытталған іс-шаралар әзірленуде.

– Жұмысы нәтижелі менеджер болуы үшін мектеп директорында қандай қабілеттер болуы керек?

– Кез келген оқу орнын жетістіктерге тек білікті менеджер ғана жеткізеді. Бүкіл оқу-тәрбие беру жұмысы дұрыс құрылған менеджментке байланысты. Басыға өзінің оқу орнын биік дәрежеге жеткізу үшін ең алдымен кәсібилік, адамдармен дұрыс қарым-қатынас құра білу қасиеттері, өзін тыңдатып, оқушылар мен ата-аналарды есті алу қабілеті болуы керек. Сәтті менеджер өз күшіне өзі сеніп, өзін-өзі жетілдірумен, оқумен үнемі айналысып отыруы қажет.

Сұхбаттасқан  
Мәнсия СӘКЕНОВА



Бас қаламызда іскерлік туризм түрі жақсы дамыған. Астана елордаға айналғалы бері, іскерлік туризмнің негізін құрайтын түрлі ресми іссапарлар, халықаралық жиындар, ірі форумдар өткізетін ең ірі және танымал халықаралық орталықтардың бірі ретінде белгілі болды. Қаламызда туризмнің бұл түріне қажетті барлық инфрақұрылым бар.



# АСТАНА – ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ АЙНАСЫ

Айгүл  
УАИС

## ЕМДІК ТУРИЗМ ЕЛДІ ТАРТА МА?

«Елорда туризмін дамытудың тағы бір басым бағытына емдік туризм айналды. Қалада JCI халықаралық сапа стандарты бойынша аккредиттелген жеті емхана бар. Елдегі медициналық туризмнің негізін құрайтын басты бағыттары бар. Атап айтқанда онкологияны емдеу. Бұл ретте бұл ісік процесін тоқтатуға, ошақты жоюға, аурудың таралуын, метастаз бен асқинуларды болдырмауға, науқастың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шаралар кешені ұсынылады. Жүрек-қан тамырлары ауруларын хирургиялық емдеумен айналысатын кардиохирургия медицина саласы да туристік медицинаның көш басында тұр. Нейрохирургия, репродуктивті медицина, ортопедия және травматология, стоматологиялық қызметтер сапасы жағынан озық, бағасы қолжетімді болғандықтан шетелдіктердің сұранысына ие болуда.

Астанада балаларды оңалту саласы жақсы жолға қойылған. Әртүрлі физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік шектеулері бар балалардың функционалдығын қалпына келтіруге және дамытуға бағытталған медицина саласы ретінде дамуда.

2024 жылы Астана қаласының «UMIT» халықаралық Томотерапия Онкологиялық орталығында RADIXACT (Радиксакт) ультра заманауи бірегей кешені пайда болды. Бұл Ig-IMRT сәулелік терапиясын жүргізуге арналған TomoTherapy платформасының жаңа буыны. Қазіргі уақытта radixact әлемнің бірнеше онкологиялық орталықтарында ғана бар.

Radixact бірегей ультра жылдам көп жапырақты коллимактордың арқасында сыныптағы ең жақсы клиникалық нәтижелерді және жоғары конформды және біртекті сәулеленуді көрсетеді. Radixact жүйесі ісікті

сәулелендіру арқылы қалыпты, сау тіндерді сақтайды.

Қатерлі ісіктің барлық түрлерін қамтитын жыл сайынғы ем аурулар бойынша Ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстанның барлық аймақтарынан және ТМД елдерінен 9000-нан астам пациенттерді қабылдайды.

Ұлттық нейрохирургия орталығы JCI (Joint Commission International, АҚШ) аккредитациясынан өткен Орталық Азиядағы жетекші клиникалардың бірі болып табылады және нейрохирургия саласындағы заманауи диагностикалық, емдеу, хирургиялық және оңалту қызметтерінің толық кешенін ұсынады. Ана мен бала орталығы – акушерлік, гинекология, урология, педиатрия, неонатология, ЭКО және балалар хирургиясы саласындағы Қазақстандағы ең ірі көпсалалы аурухана.

Біздің емханалар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған және жоғары білікті мамандардан құралған. Сондай-ақ, медициналық туризмді дамыту және медициналық ұйымдар мен туризм секторы өкілдерін біріктіру үшін қазіргі уақытта оның құрамына 46 емхана мен медициналық ұйым кіретін «Қазақстандық медициналық туризм қауымдастығы» құрылды.

## ЕЛОРДА АЙНАЛАСЫ ТУРИСТЕРГЕ ТОЛА МА?

Астана қаласының іргесіндегі аудандарда агротуризмнің дамуына барлық мүмкіндік бар. Бұл өңірдің әсем табиғатына қоса, бие байлап, қой өргізген ауылды және егіншілікті нәсіп еткен шаруалықты біріктіретін туризмнің ерекше түрі. Астана-ның айналасында орналасқан елді-мекендер, ұзап кетсеңіз солтүстік бөлігінде орналасқан Ақмола облысы өзінің алуан түрлі ландшафтының, табиғи ресурстарының байлығының және дәстүрлі ауыл мәдениетінің арқасында агротуризмді

дамыту үшін тамаша жағдай жасайды.

Ақмола агротуризмін келешегі зор бағытқа айналдыратын бірнеше аспектілерді қарастырайық.

Ақмола облысының аумағында орналасқан Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, «Бурабай» және «Көкшетау», «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркттері, Бұланды, Ерейментау және Атбасар мемлекеттік табиғи қорықтары экологиялық туризмнің алтын қоры деуге болады.

Сексен көлі жарқыраған Көкше өңірі, шексіз даласы мен шөбі белуардан келетін бөктерлері көз тартады. Туристер үлкенді-кішілі төбелер мен жартасты шатқалдарды аралап, балығы шоршыған көлдерге қармақ салып, қалың орман, ну тоғайда өзендердің қамысты жағалауларында демалып таза табиғаттың сұлулығына таңдана алады.

Бірақ мұның бәрі аттылының аяғы жететіндерге ғана бұйырып тұр. Қаладағы сыртқы, ішкі туризмнің сойылын соғып жүрген 28 аймақтық және 60 астаналық тuroператордың он шақтысы ғана Ақмола облысында белсенді жұмыс істейді.

Аса көңіл бөлінбеген соң, бұл өңірлерде туризм саласын басқару да, қаражатты бөлу де айтарлықтай ерекшеленеді. Ақкөл, Зеренді және Бурабайға құйылған қомақты қаржының негізінде астаналықтарға танымал болса, іргедегі Ерейментауға жету қиын. Яғни бұл өңірге саяхат іс жүзінде қолдау таппайды. Сондай-ақ астана айналасындағы шағын көлдер барша қалалықтардың ортақ игілігіне айналмай тұр.

Қазақстандық ауылшаруашылық және ауылдық туризм қауымдастығы мен «Kazakh Tourism» ҰК сарапшыларының пікірінше, агротуризмді дамыту үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қонақ үйлер салуға тыйым салу қонақ үй жүйесін дамытудағы мәселелердің бірі болып табылады

екен. Қарапайым астаналық қала төңірегінде демалғысы келсе, алдымен қайда барарын білмей дағдарды. Әлеуетті туристердің айналадағы қолжетімді демалыс орындары, қызмет түрлері мен туристік турлар туралы өзекті ақпаратты таба алмайтындығы ешкімді таң қалдырмайды.

Бұған ауылдық жерлердегі тuroператорлар мен туристік қызмет көрсетушілер арасындағы ынтымақтастықтың жоқтығы да әсер етуде. Көпшілікке қолжетімді трассалар мен туристік маршруттардың қолжетімділігінен тuroператорлар бейхабар. Сондықтан саяхатшылар өздігінен барса жолдан адасады, жақсы жер деп барса, қолайлы жағдай жасалмаған, сәйкесінше жабдықталмаған болып шығады. Оның үстіне астаналықтарға қолжетімді екі жаз айы болса, оның өзінде өрт қаупіне байланысты кейбір бағыттардың саны да азаяды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бару үшін төлем жүйесі де өте күрделі. Айналып келгенде мұндай өңірдің әдемі табиғаты тиісінше насихатталмай, туристерге жағдай жасалмай, жергілікті тұрғындарға да пайдасы аз, тuroператорларға да тиімсіз болып қалады.

## ІРГЕДЕГІ КӨРІКТІ МЕКЕНДЕРГЕ БАРА МА?

Дегенмен, туристер арасында Бурабай, Зеренді, Ақкөл, Қорғалжын және Ерейментаудағы «Соколиные горы» ең танымал бағыт болып табылады.

Орталық Азияның Еуразиялық қорының (ОАЕК) Chevron компаниясымен серіктестігінің «Байтақ жер» жобасы Ақмола облысындағы ауыл туризмнің бірегей мүмкіндіктерімен таныстыруда біршама жұмыстар жүргізуде.

«Байтақ жер» жобасы Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші

рөл атқара алатын ауылдық, экологиялық және агротуризмді ілгерілетуге бағытталған.

Жоба эко, этно және агротуризм саласындағы кәсіпкерлікті қолдау арқылы ауылдық жерлердегі халықтың экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған. Осы бағдарлама аясында туристер үшін тартымды бірнеше орындарды қаперге алуға болады. Зерендіде орналасқан қонақ үйлер, балалар лагері қалалықтарға жақсы таныс. Ақкөл, Қорғалжын ауданында дандарында да демалыс базасы жұмыс істеуде. Целиноград ауданы Ақмол кентінің этно-ауылына, Қорғалжын ауданында «Keremet jol» атпен сейілдеу, Ерейментау маңындағы «Тойғанкөл» балық аулау клубында тұқы аулау, Ақкөл ауданында орналасқан «Қызыл кенші» форель шаруашылығында балық аулау турлары дәстүрлі демалыс күндеріне айналып келеді.

Астанаға жақын, жолы жақсы өңірдің бірі – Баянауыл. Астаналықтардың көбі Жасыбай көлінде болып, Сабынды көлде шомылып, Торайғыр суына сүйсініп, орманын да аралап көрді. Туризмнің тарихи-танымдық, зияраттық мағынасына мән берсеңіз, Жасыбай көлінің батысында орналасқан Қоңырәулие үңгірі, Ақтаудың ақтасынан салынған Сұлтанмахмұт, Жаяу Мұсаның, Бұқар Жыраудың кесенелері осы өлкеде.

Баянауылдың курорттық аймағында бір маусымда 5 мың адам демала алатын 50-ден аса туристік нысан бары анықталып отыр. Таулы өлкеде 13 негізгі туристік маршрут және 68 көрнекі орын жұмыс істейді. Былтыр Жасыбай демалыс аймағына шамамен 120 мың адам келген.

Бұған қоса, ауданда дене шынықтыру-сауықтыру орталығын ашу көзделген. Келешекте аудан орталығында шаңғы-роллерлік трасса, шипажай салу, хостелі бар ірі заманауи жанармай құю стансасын тұрғызу сияқты жоспарлар да бар.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

**Ж**азуға мектеп оқушысы кезінен құштар болды. Қоғамдағы белсенді қызметімен де сол уақыттан көріне бастады. 1-7 сыныптарда сынып старостасы болса, 6-сыныптан бастап мектеп, ауыл өмірінен жазған мақалалары аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жиі жарияланатын. 8-10 сыныптарда өзі оқыған Октябрь орта мектебі комсомол комитетінің хатшысы ретінде оқушы жастарға жетекшілік етті. Жасөспірім шағында Аягөз аудандық «Алға», облыстық «Семей таңы», республикалық «Қазақстан пионері» газеттерінің «штаттан тыс тілші» деген куәліктері де қолында болған. Мектептің «Жас қалам» атты қабырға газетінің редакторы ретінде «Ресми жаңалықтар», «Мектеп мақтаным», «Әзіл-оспақ әлемі», «Ой-өрім», «Кірпи» сияқты қызықты айдарлар ойлап тапты. Ара-тұра республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде де мақалалары жарық көретін.

Студент кезінде де жазудан бір шаршамайтын. Сол уақытта КазГУ қалашағында «Қобыратып түнімен көп қағазын, Отырады Мұратбек Тоқтағазин» деген бар болғаны екі-ақ жол өлең тарап кетті. Ал университетті аяқтағаннан кейін арнайы шақырумен Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» (бүгінгі «Арқа Ажары») газетіне қызметке келді. Бұған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің алтын көмбесі, өнер мен руханиятымыздың тамыршысы Ақселеу Сейдімбек пен осы басылымның сол кездегі бас редакторының бірінші орынбасары Жомарт Әбдіхалық мұрындық болды. Бұған да қырық жылға жуықтады. Иә, Мұратбек Балқабекұлының кешегі Ақмола, бір жылдары өзі жазғандай, кіндік қала Астананың тұрғыны атанғанына осыншама уақыт болды.

Сол жылдары өзге ұлттар басым қалада қаламмен де,

## МЕРЕЙЛІ БЕЛЕС

1992 жылы Целиноград қаласына ежелгі Ақмола атауы қайтарылғаны тарихтан белгілі. Бұл іске белгілі журналист, ғалым, ұстаз Мұратбек Тоқтағазиннің елеулі үлес қосқанын қазір біреу білмес. Сол уақытта ол «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің осы өңірдегі меншікті тілшісі, Целиноград қалалық халық депутаттары кеңесінің Ақмола атауын қайтару мәселесі бойынша қоғамдық пікірді зерттеу комиссиясының қосалқы төрағасы еді. Өзі істейтін басылымда жарияланған мақалалары мен оқырмандарының қолдау хаттары, кеңес отырыстарында тарихи атауды қайтарудың дұрыстығын дәлелдеп, сөйлеген сөздері ақыры мәселенің оң шешілуіне ықпалын тигізді.

қоғамдық қызметімен де ұлттық мүддені аянбай қорғады. Жалындаған 25 жасында Целиноград қалалық халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланды. Осы кеңестің ұлттық және интернационалдық дәстүрлер, тіл, тарихи мұраларды қорғау жұмыстары жөніндегі секцияның төрағасы болды. Бұл кеңес мүшелерінің 80 пайызы орыстiлдi азаматтар едi. Солармен дауласа жүрiп, қазаққа қатысты бiрталай мәселенiң шешiлуiне атсалысты.

Мәселен, қаладағы жалғыз қазақ мектебі Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп бала санының аздығына байланысты жабылу алдында тұрғанда оқушы санын толтыруға, №3 орта мектепте қазақ сыныбының ашылуына үлес қосты. Журналистер қауымы маңдайшалардағы қазақ тіліндегі жазулардағы қателерді сынап жататынымыз бар, ал Мұратбек Тоқтағазин баяғыда-ақ соны қолға алып, біршама түзеліп қалуына ықпалын тигізді. Бітірген бір үлкен ісі, бұл, әрине, Целиноградқа Ақмола атын қайтару.

Осы мәселе өзге ұлттар басым қалалық халық депутаттары кеңесінде бiрталай пікір-

“

Мұратбек Тоқтағазиннің отандық басылымдарда журналистиканың ертүрлі жанрларында жазылған 300-ден астам материалдары жарияланған. «Деректілік пен көркемдік», «Ақмола үшін айқас», «Кітап басу ісіндегі коммуникативті саясат және жарнама», «Эпиостоларные жанры в публицистике Беларуси, России и Казахстана», «Замансөз заңғары» атты кітаптары жарық көрген

жет етеді деген сылтау айтқанда, Горький қаласының Нижний Новгород атауына өзгеру тәжірибесін келтіреді. Бұл мәселені сол шаһарға барып, арнайы зерттеген еді. «Социалистік Қазақстанда» шыққан мақаласынан кейін газет оқырмандарынан 2 мыңнан астам хат келіп түсті. Целиноград облыстық кеңесінде хаттар жауып кетті. Осы кеңес төрағасы Андрей Браун журналист-депутатқа «зәулім үй салайық, жер телімдерін берейік, бірақ осыны тоқтатыңыз» деп жалынғанда да алған бетінен қайтпады. Ал оның нәтижесі бүгіндегі белгілі.

Университет бітірерде ұстазы Тауман Аманжолосов аспирантураға қалуға ұсыныс жасады. Бірақ кезінде оны құп алмай, ғылымға ғасырлар тоғысында ғана келді. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның Халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың туындылары негізінде «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз және көркемдік сипат» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2011 жылдан бастап осы университеттің Баспасөз және баспа

ісі кафедрасының доценті, ал соңғы 5 жылда профессоры.

Бірақ баспасөзден қол үзбеді, бүгіндегі ұстаздықпен қатар «Әділет. Рухани жаңғыру» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің бас редакторы қызметін атқарады. Сондай-ақ Бас редакторлар клубының вице-президенті.

Ғылым саласындағы еңбегіне қысқаша тоқталсақ, журналистиканың, көсемсөздің өзекті мәселелерін кешенді зерттеп, 2 монография, 2 оқу құралын баспадан шығарып, 10 ғылыми жинақтың құрастырушысы, жауапты редакторы болды. 80-нен астам ғылыми-зерттеу мақалаларын Қазақстанның, Беларусьтің, Ресейдің және басқа шет елдердің ғылыми журналдарында, халықаралық басылымдарында жариялады. 2018 жылдан бастап әдебиеттану саласы бойынша қауымдастырылған профессор. Әлемдегі ірі библиографиялық және реферативтік Web of Science, Scopus деректер базаларында 5 ғылыми мақаласы жарияланған.

Мұратбек Тоқтағазиннің отандық басылымдарда журналистиканың әртүрлі жанрларында жазылған 300-ден астам материалдары жарияланған. «Деректілік пен көркемдік», «Ақмола үшін айқас», «Кітап басу ісіндегі коммуникативті саясат және жарнама», «Эпиостоларные жанры в публицистике Беларуси, России и Казахстана», «Замансөз заңғары» атты кітаптары жарық көрген.

Шығармашылық жетістіктері мен атақтары да аз емес. «Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі», «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және басқа да төсбелгілермен марапатталған.

Ал күні кеше ғана «Құрмет» орденін өңіріне тағып, асқаралы алпыс жасқа толды. Әріптесімізге мемлекеттік марапатта, мерейлі белес те құтты болсын дейміз.

## АСТАНА ӘДЕБИ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Өзім Қарағанды облысының тумасымын, мамыңдығым – мұғалім, қазіргі кезде зейнеткермін. 30 жыл Қарағанды облысында, 30 жыл Көкшетауда, 3 жыл Астанада Алланың қалауымен тіршілік етіп отырған маған да, басқаға да осы үш қаланың тұрғындарының мәдениеттілігі, өздерін ұстау деңгейлері, сөйлеу, қарым-қатынас жасау мәдениеттерінің жетістіктері мен кемшіліктері тайға таңба басқандай көрініп тұратыны сөзсіз. Астанаға жан-жақтан келетіндердің ішінде, өңір жастарының мәдениеті өте төмен екені байқалады.

«Айтпаса, сөздің атасы өледі». Қоғамдық орында кімдер шарылдап ұрсысып жатады? Кімдер өздеріне сеніп берілген пәтерлерді: «Ақшасын төледім!» деген ниетпен аймай шағып тастайды? Пәтерге кіріп алып, кімдер көп қабатты үйдің дәретханасында шылым шегеді? Қоғамдық көліктерде кімдер жиі жанжалдасады? Орыс тілді Сарыарқаның негізгі тұрғындарына «қазақша сөйле!» деп кімдер қоқаңдап жатады? Өздері басқа тілден бірауыз білмейтіні естерінде де жоқ! Саясат құрбанына ұшыраған Сарыарқа тумаларына жасалған басты қысастық қазақ мектептері жаппай жабылып, тек орыс мектептері

Астана – еліміздің бас қаласы. Күн сайын көркейіп, гүлденген әсем шаһарға Қазақстанда тұрып жатқан барлық халық тұрмақ, күллі әлем мойын созып қарап отыр. Әлем Президенттері ат басын тіреп отырған осынау елордамыздағы тұрғындардың мәдениеттілік деңгейі қандай мөлшерде? Осы тақырыпта орталауыңызға ой тастағым келеді.



ғана қалғанын білгісі келмейтіндер кімдер? Мектептерде, емханаларда жиі жанжал шығарып, ұстаздар мен дәрігерлерге, басқа да қызметкерлерге күн көрсетпейтіндер кімдер? Балаларына көңіл бөліп, тіпті қоқыс жәшігіне қолындағы кәмпит қағазын тастауды кімдер үйретпейді десек, айтпаса да түсініп отырсыздар. Олай дейтінім үсті-басы алқам-салқам, үй халатымен бала-шағасын көпқабатты үйдің алдында бағып отырғандардың көбі – оңтүстіктен, басқа да шет өңірлерден көшіп келгендер.

Баласының жерге кәмпит, печенье қағаздарын тастай салып жүргенін байқап: «Қарағым, балаларына қоқысты қоқыс жәшігіне таста» деп неге үйретпей отырсың?» дедім. Беті бүлк етпей маған безірейе қарап: «Ой, апа, қойыңызшы, қоқысты жинайтындар бар емес пе?» деп тыжырынды. Негізгі қызметтері бала табу деп түсінетін осы келіншектердің біразы ауық-ауық қалалық, облыстық әкімшіліктерге ентелей кіріп: «Тегін пәтер беріңдер!» деп шу шығарады екен.

Ықылым заманнан осы Сарыарқаны ата-бабамыз жайлаған. Көзімізді тырнап ашқалай Сарыарқа территориясынан шыққан да емеспіз. Занды ке-

зекке тұрғанымыз болмаса, пәтер мәселесі жөнінде шу шығару мимымызға кіріп те шықпайды ғой. Солай тәрбиеленгенбіз, бала-шағамызды солай тәрбиелейміз.

Ұзын сөздің қысқасы: «Халқым-ау! Басшылар-ау! Үкімет басындағылар-ау! Мына мәдениетсіздікпен неге күреспейсіздер? Мектептерге, балабақшаға әдептілік ережелерін оқытатын арнаулы сабақтар неге өткізуді қолға алмайсыздар? Неліктен бас қалаға бір көрпелерін қолтықтап алып, шұбырып жүретіндерді жинап алғанысыздар? Неге жастарға өз өңірінде үйлер салынып, жұмысты Кеңес өкіметіндегідей ұсынбайсыздар? Мына бетте тәжіктердің көрмесінде жеміс-жидек талаған халқы бар Астана түгілі, әлі әлем халқы бізді не деп атап, не айдар тағары беймәлім. Барлық мектептерде, оның ішінде елорда халқына «Астана әдебі» сабақтары мен ережелері айтылуы керек!

Біз күн санап, өмірдің базарынан қайтып келеміз, жастар өмір базарына бара қатыр емес пе? Ендеше, ешқашан кеш емес. Әдепті болайық демеңпін.

Рымгүл РАҚЫМБЕК,  
зейнеткер ұстаз



ДҮЙСЕНБІ 8 ШІЛДЕ QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 23:40 «Біржан сал».

31 06:00 Әзіл студия... 05:20 Ризамын

7 5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»... 23:00 «МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА»

7 5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»... 23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА»

7 6:00 Әнұран... 4:50 «Келесі кім» Бағдарлама

ASTANA TV 06:00 «Ене» үнді телеликасы... 00:50 «Склифосовский 9» телесериал

ASTANA TV 06:00 «Ене» үнді телеликасы... 00:50 «Склифосовский 9» телесериал

НТК 07:00 «Разминка» (каз/рус)... 03:35 «Тату-тәтті».

НТК 6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы... 04:00 «П@УТИНА»

НТК 6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы... 5:00 «ТОРЖАН».

НТК 07:00 «Разминка» (каз/рус)... 03:35 «Тату-тәтті».

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

QAZAQSTAN 6:00 Әнұран... 2:50 «Сана»

7 6:00 Әнұран... 4:50 «Келесі кім» Бағдарлама

ASTANA TV 06:00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕЛИКАСЫ... 00:50 «Склифосовский 10»

НТК 07:00 «Разминка» (каз/рус)... 04:00 «П@УТИНА»

НТК 6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы... 3:55 «Ең алғашқы» бағдарламасы

СӘРСЕНБІ 10 ШІЛДЕ QAZAQSTAN 4:45 ӘНУРАН... 2:50 «Сана»

31 06:00 Әзіл студия... 05:20 Ризамын

7 5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»... 23:00 «МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА»

7 6:00 Әнұран... 4:50 «Келесі кім» Бағдарлама

НТК 07:00 «Разминка» (каз/рус)... 04:00 «П@УТИНА»

НТК 6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы... 3:55 «Ең алғашқы» бағдарламасы

НТК 6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы... 5:00 «ТОРЖАН»


ASTANA TV 06:00 «Ене» үнді телеликасы... 00:50 «Склифосовский 10» телесериал

СУРЕТ СЫРЫ

АЛТЫН ДӘРІГЕР

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі, ғылымға қосқан үлесі үшін әл-Фараби күміс медалімен марапатталған Абдрахманов Әлібек Жанпейісұлы 1966 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетін тәмамдаған соң Целиноград қаласында теміржолшылар ауруханасында хирург болып еңбек жолын бастайды.

Фото: №105 Бауман сайлау округі бойынша облыстық Кеңес депутатығыннан үміткер Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Целиноград медицина институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, профессор Абдрахманов А.Ж. Фотоны түсірген Ю.И. Казаков. Целиноград қаласы. Желтоқсан, 1989 ж.



10 ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№979 (4667) 04/07/2024 Бейсенбі

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channels like 7, 31, and KTK.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channels like KTK and 7.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channels like 31 and 7.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channels like 7 and 31.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channels like HTK and 7.

Table for QAZAQSTAN channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for ASTANA TV channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for ASTANA TV channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channel 31.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channel 31.

Table with 2 columns: Time and Program Name. Includes channel 7.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for ASTANA TV channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for QAZAQSTAN channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for ASTANA TV channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for KTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 31 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for 7 channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

Table for HTK channel with 2 columns: Time and Program Name.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес Республика даңғылы 32, 1-қабат мекенжайы бойынша 2024 жылғы 30 шілдеде сағат 11:00-де қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

3. Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көптерлі тұрғын үй кешенінің 10 қабаттан 13 қабатқа дейін қабаттылығын ұлғайту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қ., «Нұра» ауданы, Е13, Е22, Е15 және Е28 (жобалық атаулар) көшелерінің кварталында; 4. Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көптерлі тұрғын үй кешенінің 9, 12 қабаттан 10, 13 қабатқа дейін қабаттылығын ұлғайту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қ., «Нұра» ауданы, Е11 және Е26 (жобалық атаулар) көшелерінің кварталында; 5. Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көптерлі тұрғын үй кешенінің 9 қабаттан 12 қабатқа дейін қабаттылығын ұлғайту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қ., «Есіл» ауданы, Хусейн бен Талал (жобалық атаулар) көшесінің отңтүстігінде.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 25 шілдеде сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

«Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Байқоңыр» ауданында, А.Иманов және Б.Бейсекбаев көшелерінің қиылысу ауданында орналасқан кіріктірілген трансформаторлық қосалқы станция, балабақша және тұрақ, кіріктірілген үй-жайлары бар көптерлі тұрғын үй кешенінің 9 қабаттан 14-16 қабатқа өзгерту бөлігінде, тапсырыс беруші

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Астана-Технополис» АЭА аумағында ЕТЖЖ әзірлеу/түзету бойынша, тапсырыс беруші «Астанайнвест» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС; «Астана-Технополис» АЭА аумағында ЕТЖЖ әзірлеу/түзету бойынша, тапсырыс беруші «Астанайнвест» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС; «Астана-Технополис» АЭА аумағында ЕТЖЖ әзірлеу/түзету бойынша, тапсырыс беруші «Астанайнвест» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Life Park Service» ЖШС; Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 23 шілдеде, сағат 11-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Бекітілген нысан бойынша дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей zh.suyunova@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24 үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.



## АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Бас қала күнін мерекелеу аясында Ұлттық домбыра күніне орай Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясында дәстүрлі ән орындаушылардың «Асыл Мұра» атты мерекелік концерті өтті.

Арнайы елорда күніне орай ұйымдастырылып отырған бұл концерттің басты мақсаты – қазақ халқының ғасырлар бойы келе жатқан сазы мен сарыны бөлек әндерін орындап, ұмыт болып бара жатқан әуендерді

ел жадында қайта жаңғырту. Мерекелік кеште таңдайына бұлбұл ұя салған, алаштың мандайына біткен жарық жұлдыздары Рамазан Стамғазиев, Айгүл Елшібаева, Елмұра Жаңабеген, Айгүл Қосанова, Ардақ

Балажанова, Клара Төленбаева, Әлихан Дүйсенбай, Әйгерім Нартүйе, Перизат Тұрарова, Жақсыгелді Маясаров, Нұржан Мейрхан, Алуа Қалымбекова, Зинат Қасымова, Өзгеріс Шерікбай, Айдос Оңғарбай, Закирбек



Дүйшөбек (Қырғызстан) қатарлы елге танымал өнерпаздар ән айтып, көрерменнің алқауына бөленді. Сонымен қатар, «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі, «Жастар» театры әртістері, Раушан Оразбаева және Жұмабай және жетігеншілер ансамблі, кернейшілер ансамблі, «Мұра» тобы және «Контраст» шоу-балеті де өнер көрсетті. Ал, концертті тамашалауға келген қонақтар ризашылықтарын жасырмады.

– Астанамыздың туған күнін жыл сайын осындай мерекелік көңіл-күймен қарсы аламыз. Бүгін қазақтың халық әндерін естіп, рухани серпіліп қалдық. Шын мәнінде біздің асыл мұрамыз да, байлығымыз да сол көненен қалған ән-жырлар ғой. Онда бір бөлекше сарын бар. Қазақ халық әндерінің әуенінде адамның көңіл-күйін көтеріп, тыңдаған адамның жүрегін тыныштандыратын белгісіз бір құдірет жасырынып жатады, – дейді Астана қаласының тұрғыны Эльмира Думан.

Дайындаған Шапағат ӘБДІП

## «ҚАНАТТЫЛАР» ТЕАТРЫ ҚАНАТТЫ ҚЫЗЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жастар» театрының «Қанаттылар» инклюзивті бөлімі Малика Мұқтарованың өмірден өткеніне бір жыл толуына орай «Қанатты қыз» атты еске алу кешін өткізді.



Кештің шымалдығын аталған театрдың қызметкерлері арнайы Малика Болатқызының өмірінен сыр шертетін көрініспен ашып, әрі қарай оның балалық шағынан видео-слайд көрсетілді. Міне, осы сахналық көрініс арқылы Маликаның өмірге және өнерге қалай келгені толыққанды суреттелді.

Ал аталған кештің мақса-

тына тоқталған «Қанаттылар» инклюзивті театрының жетекшісі Арнұр Исаков осы еске алу кеші арқылы біз өнердің қандай құдіретті екенін, өнер адамдарының өмірден өткеннен кейін де көрермен көңілінде жасай беретінін түсіндіргіміз келді дейді.

– Бүгін біз аз ғана ғұмырын өнерге арнап, көрермен жүрегінде «Қыз жы-

лаған» спектакліндегі Ләйла рөлімен есте қалған, «Қанаттылар» инклюзивті театрында жұмыс істеп, бойындағы бар талантын көрерменге паш етіп, жұлдызы ерте сөнген Малика Болатқызын еске алуға жиналып отырмыз. Біз осы кеш арқылы оның өзі кетсе де, рухы сахнадан кетпей, көрерменімен бірге жасай беретінін түсініп отырмыз. Өйткені Малика Болатқызы шын мәнінде қайталанбас талант иесі болды. Ол «Қанаттылар» инклюзивті театрының белді

актрисасы болып, дәл осы сахнада өнер көрсетіп, халықтың ыстық ықыласына бөленген. Сонымен қатар пара биден әлем және Азия чемпионы, «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері», 2020 жылы өткен «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы болған ол қашанда қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып, үміті сөнген жандарға үміт сыйлаған тұлға еді, – дейді Арнұр Қайнарбекұлы.

Кеш соңында небәрі 23 жасында өмірден өткен Малика Мұқтарованы еске алып, тартымды көрініс қойған театр ұжымына Астана қаласы әкімдігінің ықылас гүлі табысталды.



## ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТЫСАДЫ

Астана қаласының спортшысы Әділбек Мусин Парижде байрағы көтерілетін Олимпиада ойындарына жолдама алды.



Жерлесіміз Әділбек Парижде 100 метрге еркін және баттерфляй әдісімен жүзуден ел намысын қорғайды. Айта кетейік жүзу шеберінің бұл – алғашқы Олимпиадасы.

2018 және 2022 жылы

өткен Азия ойындарында Әділбек Мусин екі қола медальдан жеңіп алды. Ол Олимпиада ойындарында бабы мен бағы қатар шапса, ел қоржынына медаль сыйлайды.

## КҮМІС ЖҮЛДЕ БҰЙЫРДЫ

25 маусым мен 6 шілде аралығында Белград (Сербия) қаласында есту мүшесі зақымдалған спортшылар арасында шахматтан әлем чемпионаты өтуде. Жарысқа 30 елден 128 спортшы қатысуда.



Ойлылар ойынында елордалық спортшы Сұлтан Қожахметов рапид бойынша күміс медаль иеленді.

– Жарыс жоғары деңгейде өтуде. Қарсыластар осал емес. Ұшқырлық пен ұтқырлықты, шыдамдылық пен жинақылықты, физикалық пен психологиялық даярлықты талап ететін шахмат үздіксіз ізденісті, тынымсыз еңбекті талап етеді. Осы талап үдесінен шыққандықтан жүлдегерлер қатарынан көріндім деп ойлаймын. Әлі жарыс аяқталған жоқ, ел намысын лайықты қорғауды жалғастырамын, – деді Сұлтан Қожахметов.

## МЕРГЕНДЕР СЫНҒА ТҮСТІ



Елордада садақ атудан халықаралық турнир мәресіне жетті. Ресей, Беларусь, Оңтүстік Корея, БАӘ, Қазақстан мергендері классикалық және блоктық садақ атудан сынға түсті.

Олимпиада бағдарламасына кірмейтін блоктық садақ атудан (50 метр) Ресей командасы 3 алтын медальмен командалық есепте бірінші орын алды. Ал 2 алтын, 5 күміс, 4 қола медаль алған Қазақстанға екінші орын бұйырды. Үздік үштікті 1 қола медаль алған БАӘ түйіндеді.

Олимпиада бағдарламасы-

на кіретін классикалық садақ атудан (75 метр) Қазақстан спортшылары жақсы нәтиже көрсетті. Біздің садақшылар 3 алтын, 4 күміс және 5 қола медаль жинады. Екінші және үшінші орынды 2 алтын, 1 қола медаль алған Беларусь мергендері мен 1 алтын, 2 күміс медаль еншілеген Ресей командасы өзара бөлісті.

# 12 | НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

№79 (4667) 04/07/2024 Бейсенбі

**5.07**  
**19:00**

«АЯЛАҒАН АСТАНА» ГАЛА-КОНЦЕРТІ

Амфитеатр

**5.07**  
**11:00**

«КІТАРНАНА FEST-2024» кітап фестивалі

«Қаламгерлер» аллеясы

КІТАП ФЕСТИВАЛІ

ЖАЗУШЫЛАР ШАТЫРЫ ФЕСТИВАЛІ

BOOK FESTIVAL

**5.07** **15:00**

«БАЙРАҒЫ БИІК БАЙТАҒЫМ» МҮШӘЙРА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Жастар» театры

**6.07**  
**11:00, 15:00**

«АСТАНА – ЖҮРЕГІМ» КОНЦЕРТІ

Қаланың тұрғын алаптары

**5-6.07**

«Театралды Еуразия» I халықаралық көше театрлары фестивалі

Қала алаңы, Орталық саябақ

Театралды Еуразия

**5.07**  
**19:00**

«ОПЕРАЛИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

Астана Опера

Вечер камерной музыки

Меруэрт Кариенова

**6.07**  
**18:00**

OPEN AIR КОНЦЕРТІ

ЭКСПО алаңы

**6-8.07**  
**12:00-22:00**

«МЕРЕКЕ STREET» ЖАЗҒЫ ЖОБАСЫ

Орталық саябақ

**6.07**  
**16:00**

«ӘЛЕМДІ – КҮЙМЕН ӘЛДИЛЕП...»

Қуанышбаев театры

**6.07**  
**20:00**

«АСТАНА – АРМАН ҚАЛА» КОНЦЕРТІ

Амфитеатр

Астана циркі

**6-8.07**  
**16:00**

Елорда циркі шақырады

Астана циркі

**7.07**

ДОМБЫРА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШОУ-КОНЦЕРТ

ЭКСПО алаңы

**7.07**  
**10:00**

КОНКУРДАН АШЫҚ ҚАЛАЛЫҚ ТУРНИР

«Арғымақ» кешені

**8.07**  
**12:00**

«ЕЛОРДА КУБОГЫ» БӘЙГЕ

«Астана-Талапкер» тасжолы

**10.07**  
**20:00**

ӘЗІЛ ӘЛЕМІ

Бейбітшілік және келісім сарайы

БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ

ӘЗІЛ

**ТҮҒАН КҮНІММЕН, СҮІІКТІ ҚАЛАМ!**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №79

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ